

**ЖШС «NURSULTAN 7777»**  
**бөбекжай-балабақшасының 2024-2025 оқу жылына арналған**  
**жиналысының №2 хаттамасы**

Өткізілген күні: 02.12.2024 жыл  
Қатысқан: 24 педагог

**Күн тәртібінде:**

1. «Жас топтарында жоспарлы құжаттаманың жай күйін талдау».  
Әдіскер: Ж.Т.Имамадинова
2. Жас мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай? Ой толғау  
Әдіскер: Ж.Т.Имамадинова
3. Циклограмма жазу жөнінде кеңес.  
Тәрбиеші: Ж.С.Муханова
4. Музыка жетекшісінен ойын жаттығулары  
Би жетекшісі: Ж.Нурпеисова

Бірінші сұрақ бойынша балабақша әдіскері Ж.Т.Имамадинова мектепке дейінгі ұйымның жас топтарында жүргізілген іс-шаралардың жоспарға сәйкес жүргізілуі бойынша талдау жасап, педагогтарға жоспарланған іс-шаралардың құжаттамаларын уақытында тапсырып келе жатқандарын айтты. Жас мамандар жұмыстарына тоқталып, тәлімгерлерімен тығыз жұмыс жасау ұсынылды.

Екінші сұрақ бойынша әдіскер Ж.Т.Имамадинова «Жас мамандардың циклограмма жазудағы қиындығы қандай?» деген сұраққа ой толғау жүргізді. Жас мамандардың циклограмма жазуындағы қиындықтары тыңдалды, циклограмма жазуда нені ескеру қажеттігін бір-біріне жеткізді.

Үшінші сұрақ бойынша тәрбиеші: Ж.С.Муханова «Циклограмма жазу жөнінде кеңес» өткізді. Өз ноутбугын қосу арқылы циклограмма жазу туралы кеңестері мен оңай жолдарын үйретті. Картотекамен жұмыс, күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесімен жұмыс, ойындар мен тақырыптық бақылауларда тандаудағы кеңестерімен бөлісті.

Төртінші мәселе бойынша музыка жетекшісінен ойын жаттығуларын өткізді. Педагогтар арасында бірлік пен жақсы қарым-қатынасты нығайту, командалық жұмыстың қажеттігіне байланысты бірнеше қызықты ойындар, ән қимылдары, ырғақтық ойындар, есте сақтау-тыңдай алуға арналған жаттығулар жасатты. Ойындар нәтижесінде педагогтар көңілдерін көтеріп, ерекше әсер алғандарын айтты.

**Шешімдер:**

1. Жоспарланған іс-шаралар талаптарға сай өткізіліп, құжаттамалары уақытылы тапсырылсын.  
Мерзімі: үнемі.  
Жауапты: әдіскер, барлық топ тәрбиешілері.
2. Циклограмма жазуда үнемі толықтырып, жаңашалап жазылсын  
Мерзімі: үнемі.  
Жауапты: барлық педагогтар.
3. Педагогтарға арналған ырғақты, көңіл көтеретін ойындар үнемі өткізіліп отырсын.  
Мерзімі: жыл бойы.  
Жауапты: музыка жетекшісі

Төрайымы:

Ж.Т.Имамадинова